

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Амангелді ауылдық округінің Амангелді ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 04 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 қаңтарда № 15-0-7440 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) - тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастикалық комиссияның 2021 жылғы 16 сәуірдегі қорытындысы негізінде, Амангелді ауылы округінің Амангелді ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, **ШЕШТІМ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Амангелді ауылдық округі Амангелді ауылының көшелерін қайта атау:

Комсомольская көшесін - Абай көшесіне;

Коммунистическая көшесін - Сәбит Мұқанов көшесіне;

Пионерская көшесін - Жеңіс көшесіне;

Советская көшесін - Жамбыл көшесіне;

Октябрьская көшесін - Тәуелсіздік көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б. Исмагулов